

Ақмола облысы Жақсы ауданы Калинин ауылдық округі Моховое ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы Калинин ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 наурызда № 5820 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Калинин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Жақсы ауданы Калинин ауылдық округі Моховое ауылының Целинная көшесі Тәуелсіздік көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Калинин ауылдық
округінің әкімі*

М.Төлебаев